

Мемлекеттік комиссия  
ҚР-дағы эпидемиология-  
лық жағдайды тұрақ-  
тандыру жөніндегі  
шараларды бекітті

Бастысы – өндіріс  
қажеттілігін қамтамасыз  
ету / Главное –  
обеспечить нужды  
производства

Еңбек қауіпсіздігі өзекті

«Мұнайлы Кенбай –  
ырысым»

2

4-7

10

11

# Ембі ТЫНЫСЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

№13 (53)  
шілде  
2020 жыл

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

*Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.*

**Құрметті әріптестер!**  
*Сіздерді мемлекеттік мереке – Елорда  
күнімен шын жүректен  
құттықтаймыз!*



Айбыны асқақтаған Елорда бүгінгі күні еліміздің саяси, экономикалық, ғылым мен мәдени және рухани өмірінің өзегі – Тәуелсіз мемлекетіміздің үлкен жетістігі.

Жалпы, астана күнін мемлекеттік мереке деп жариялаудың тарихи, танымдық, тәрбиелік тұрғыдан мәні айрықша зор. Өйткені, Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру - бұл қазақтың өз билігі өзінің қолына тигеннен кейін ұлттың болмыс-бітімін сақтап, мемлекеттің келешегін кемелдету мақсатында қабылданған тарихи шешім болған еді. Елордамызды Алатаудың бөктерінен Арқа төсіне көшіру арқылы біз тәуелсіздігімізді нығайттық, өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді жаңғырттық. Тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы жаңа елордамызды әспеттеп, ұлықтау арқылы біздер еліміздің келешегі - жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиеттерді дарытып, қанына патриоттық сезімдерді сіңірудеміз. Осының барлығы бір арнаға тоғысып, ұлтты ұйыстыруға, мемлекеттілігімізді нығайтуға қызмет етуде.

Нұр-Сұлтан қаласының дамуы еліміздің өзге өңірлеріне серпін береді. Соның арқасында бір кездері бізге тек арман болып көрінген мәселелер іс жүзінде шындыққа айналды. Елорда Тәуелсіздігіміздің тірегіне, экономикамыздың жүрегіне, еліміздің күш-қуатын әлемге танытқан қасиетті ордаға айналды.

**Қымбатты әріптестер!** Сіздерді айтулы мерекемен құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, жемісті еңбек, шаңырақтарыңызға шаттық пен қуаныш тілейміз. Біздің өлкеміз де жас және қарқынды дамып келе жатқан елордамыз – Нұр-Сұлтан қаласымен бірге өркендеп, гүлдене берсін!

## Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

### Алғашқы жартыжылдық: қауіпсіздік бойынша қай бөлімше алда?

Назарларыңызға ағымдағы жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша қауіпсіз күндердің есебін ұсынып отырмыз. 1757 күнді қауіпсіз жағдайда өткізген «Ембімұнай-энерго» басқармасы алда келсе, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ (1169 күн) мен «Доссормұнайгаз» МГӨБ (557) – алғашқы үштікте.

Құрылымдық бөлімше	ЕМЭ	ҚМГ	ДМГ	ӨТҚЖЖК	ЖМГ	ЖЛМГ
Қауіпсіз күндер саны	1757	1169	557	511	278	167

## Мемлекеттік комиссия ҚР-дағы эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру жөніндегі шараларды бекітті



ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен мемлекеттік комиссия отырысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Қазақстандағы эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру шаралары қаралды.

Елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай және коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында шектеу шараларын енгізу бойынша ұсынылатын ша-

ралар туралы денсаулық сақтау министрі А. Цой баяндады.

Қазақстанда эпидемиологиялық ахуалдың өршуін және коронавирус инфекциясымен сырқаттанушылықтың өсуін ескере отырып, Мемлекеттік комиссия биылғы 5 шілдеден бастап 14 күнге келесі шектеу шараларын енгізу туралы шешім қабылдады:

### Көлік қатынасы бойынша:

- ✓ Рұқсат берілген елдер тізімін көбейтпей, халықаралық әуе қатынасын сақтау;
- ✓ өңірлер арасындағы әуе қатынасын, темір жол қатынасын сақтау (шектеулермен);
- ✓ өңірлер арасындағы жолаушылар автобусы қатынасын уақытша тоқтату;
- ✓ қоғамдық көліктің жұмысын уақыт бойынша шектеу;

### Азаматтардың жүріп-тұруы бойынша:

- ✓ Ойын-сауық, спорт және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ, отбасылық, еске алу шараларын өткізуге тыйым салу;
- ✓ ашық ауада жаттығулар жасауға рұқсат ету;
- ✓ тұрғындардың көшелерде, саябақтарда, скверлерде 3 адамнан артық серуендеуін шектеу;
- ✓ 65 жастан асқан адамдардың сыртқа шығуын шектеу.

### Мына нысандардың қызметіне тыйым салу керек:

- ✓ Сұлулық салондары, шаштараз, спорт залдары, фитнес орталықтар, бассейндер, азық-түлік және азық-түліктік емес жабық базарлар, жағажайлар, аквапарктер,
- ✓ мәдениет нысандары, музейлер, көрмелер, форумдар, конференциялар және өзге де ұйымдастырылған бұқаралық іс-шаралар, ойын-сауық орталықтары,
- ✓ мектепке дейінгі балалар мекемелері (кезекші топтардан басқа), діни нысандар және т. б.
- ✓ (СОСО-дағы ойын-сауық орталықтары, ойын-сауық нысандары (караоке, бильярд, компьютер клубтары, боулинг орталықтары), кинотеатрлар, балаларды сауықтыру лагерлері, фудкорттар, банкет залдары).
- ✓ мемлекеттік органдардың (ұйымдардың), кеңселердің, ұлттық компаниялардың және өзге де ұйымдардың қызметкерлерінің кемінде 80%-ның қашықтан жұмыс істеу режимін сақтау;
- ✓ алдын ала жазылу бойынша медицина орталықтарының қызметін сақтау;
- ✓ дәріханалардың, азық-түлік дүкендерінің, ашық базарлардың қызметін сақтау;

### Күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, келесі нысандардың қызметін сақтау:

- ашық ауада қоғамдық тамақтану нысандары; үздіксіз өндірістік айналымы бар құрылыс, өнеркәсіп кәсіпорындары; ашық ауадағы құрылыс жұмыстары; ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы және мал шаруашылығы жұмыстары; халыққа қызмет көрсету салалары, оның ішінде авто жуу, автомобильдерді және тұрмыстық техниканы жөндеу, ХҚКО-лар, екінші деңгейлі банктер (уақыт бойынша шектеу енгізумен).

Үкімет басшысы еліміздегі эпидемиологиялық ахуалдың алдағы уақытта қалай өзгередініне байланысты аталған шектеу шаралары 2 аптаға ұзартылуы немесе қатаңдатылуы мүмкін екенін атап өтті.



## Онлайн-форум в КМГ: Когда объединяются эксперты!

15-16 июня в масштабе АО НК «КазМунайГаз» (далее КМГ) состоялся первый технический форум в формате онлайн. В форуме приняли участие около 200 сотрудников корпоративного центра, дочерних и зависимых компаний.



- КМГ обязан трансформироваться в «самообучающуюся», динамичную, гибкую организацию, использующую свои сильные стороны и конкурентные преимущества. Чтобы достичь этого мы должны постоянно повышать уровень взаимодействия и сотрудничества между нашими специалистами, - отметил в приветственном слове к участникам форума, **председатель Правления КМГ Алик Серикович АЙДАРБАЕВ.**

Следует отметить, что подготовка к форуму длилась около 6-ти месяцев при непосредственном участии и поддержке **заместителя председателя Правления по производству КМГ**

**Жакыпа Насибкалиевича Марабаева.** Организаторами – специалистами корпоративного центра и КМГ-Инжиниринг была проведена большая работа по обеспечению участия профильных специалистов всех дочерних компаний по направлениям, принципиально важным для производственной деятельности КМГ. Всего, в ходе форума было организовано четыре секции, в каждой из которых обсуждались актуальные технические проблемы в производственной деятельности компании и пути их решения. В первой секции, участники обсудили вопросы карбонатных коллекторов. Вторая секция была посвящена вопросам бурения. Поддержанию пластового давления была посвящена работа в третьей секции. Работа четвертой секции была посвящена внедрению технологий.

Всего участники во всех секциях представили 17 докладов. От нашей компании доклад представил **ведущий геолог отдела геолого-гидродинамического моделирования департамента геологии и разработки месторождений АО «Эмбаунайгаз» Игорь ЧЖЕН.** Доклад был посвящен накопленному опыту компании в области горизонтального бурения на месторождениях Эмбы. Выбор этой темы обусловлен увеличением доли горизонтальных скважин на эмбинских месторождениях, учитывая, что аналогичные скважины, пробуренные в 2019 году, демонстрируют дебиты нефти в 5-8 раз выше дебитов вертикальных скважин. В текущем году запланировано бурение 9-ти скважин, в ходе работы над которыми в обязательном порядке будет учтен предыдущий опыт.

- Хотел бы поблагодарить руководство компании за поддержку данного проекта, несмотря на имеющиеся риски и относительно небольшой опыт в бурении подобных скважин. Также хотел бы выразить огромную благодарность организаторам и модераторам онлайн форума со стороны корпоративного центра и КМГ-Инжиниринг - Муратову Н.И., Свешникову А.В., Ишангалиеву С.В., Рахметулиной А.И. и др., а также организатору со стороны АО «Эмбаунайгаз» - заместителю директора департамента перспективного развития Куримову М.С. Было много интересных и актуальных презентаций в ходе которых участники могли дискутировать, задавать интересующие вопросы и выражать свою точку зрения. Для себя отметил бы следующие наиболее увлекательные темы: «Литолого-фациальная модель сложно-построенных карбонатных коллекторов КТ-II, м/р Кожасай», потому что после окончания университета, я работал в проектно-институте, и мы строили модель по данному месторождению. Сейчас я понимаю, насколько наша модель была примитивна в сравнении с тем, что показали специалисты из КМГ-Инжиниринг. Также была интересна презентация на тему «Эффективные технологии по разработке месторождений вязкой нефти, альтернативные постоянной закачке пара», т.к. и на некоторых месторождениях «Эмбаунайгаз» залегают так называемые высоковязкие нефти, поэтому опыт и видение специалистов АО «Каражанбасмунай» мог бы помочь нам в разработке наших месторождений, - с благодарностью отметил Игорь Чжен.



Высокий уровень технического обеспечения форума и качественный подбор тем для обсуждения отметил **заместитель председателя Правления по производству ЭМГ Канатбек Махмудович КАСЫМГАЛИЕВ:**

- Порадовало, что в работе форума приняли участие практически все ДЗО. Мне лично такой формат нравится больше, чем офлайн, так как не теряется время на логистику и другие отвлекающие моменты, на руках имелась подробная программа и возможность подключиться даже с телефона. Было интересно послушать какие проблемы волнуют наших коллег из других ДЗО и какие ими предлагаются решения. Появилось представление, кто из них является экспертом в своей области и при необходимости теперь мы можем с ними связываться и совместно обсуждать интересующие вопросы в геологии, разработке и бурении. По признанию самих организаторов, участие в форуме превысило их самые смелые ожидания. В каждой из секции принимали участие от 107 до 180 человек. Поэтому считаю, что первый технический форум в национальной компании успешно состоялся!

Как было отмечено организаторами, в будущем планируется приглашать экспертов международных компаний для участия в отдельных технических сессиях с целью обсуждения новых техник и технологий процесса добычи нефти и газа.

## Бастысы – өндіріс қажеттілігін қамтамасыз ету



Биылғы жыл мұнай-газ саласы үшін қиынға соқты. Әлемді шарлаған, өкінішке орай, біздің жұмысшыларға да әсер еткен коронавирус пандемиясына тағы бір жаһандық проблема қосылды – мұнай бағасы айтарлықтай төмендеді. Бүгінгі таңда

да әлемдік нарықтардағы жағдай бірнеше ай бұрын мұнай бағасы қысқа уақытқа минусқа дейін төмендеген жағдайдан да жақсырақ, бірақ, нарықтағы тұрақсыз жағдай әлі де сақталуда. Компания басшылығы бүгінгі таңда қандай мәселелерді шешуі керек, Ембі геологиялық барлау жобаларын жалғастыра ма және мұнайды жинау және дайындау процестерін қандай әдіспен жақсарту жоспарлануда? Осы мәселелер «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қасымғалиев Қанатбек Махмудұлымен сұхбатымызда көтеріледі.

**- Қанатбек Махмудұлы, соңғы айларда компанияның топ-менеджменті нон-стоп режимінде жұмыс жасауда. Пандемия мен кейін орын алған мұнай бағасының төмендеуі дағдарысы компанияның экономикалық жағдайына қалай әсер етті?**

- Иә, өкінішке орай, пандемия мен мұнай бағасының төмендеуі компанияның экономикасына кері әсерін тигізіп отыр. Қазіргі таңда әлемдік нарықтағы баға едәуір тұрақтады, дегенмен, компанияның кірісі ішкі нарыққа жіберілген мұнай үлесінің ұлғаюына байланысты үкіметтің мұнай өнімдерінің ішкі нарығын қолдау туралы шешімі аясында азайды. Егер өткен жылы компания ішкі нарыққа 18% жіберілсе, қазір бұл көлем шамамен 42%-ға өсті. Ал, ішкі нарықта мұнайды жеткізу құны экспорттық бағадан әлдеқайда төмен. Әрине, бұл фактор бұрын жинақталған қаржылық резервтер есебінен сақталатын компания экономикасының нашарлауына айтарлықтай әсер етеді.

Сонымен қатар, компанияның шығындары коронавирустық инфекцияға қарсы ұйымдастырушылық шаралардың қажеттілігіне - қорғаныс құралдарын сатып алуға, санитарлық-гигиеналық шараларға, ПТР тестілеуге және басқа да қажетті карантиндік шараларға, ауысым ұзақтығының ұлғаюына байланысты мұнайшыларға үстеме ақы төлеуге және т.б. байланысты ұлғайды.

Бұл шығындардан басқа әлеуметтік жауапкершілігі мол компания ретінде біз өңірдегі күрделі эпидемиологиялық жағдайға байланысты Атырау облысы әкімдігі мен аудан әкімдіктерінің көмек беру туралы өтініштерін назардан тыс қалдыра алмаймыз. Пандемия басталғалы бері компания аймақты қолдауға шамамен 100 млн теңге бөлді,

бұл қаражатқа тұрмыстық техникалар, төсек-орын жабдықтары, диспенсерлер, гигиена құралдары мен азық-түлік сатып алынып, Атырау қаласының Береке ықшам ауданындағы карантиндік стационарлар жабдықталды. Қазіргі таңда Жылыой аудандық ауруханасына көмек көрсету мәселесі шешілуде. Компаниядағы қолайсыз қаржылық жағдайға қарамастан, біз мемлекетке біздің қолдауымыздың қажет екендігін түсініп, мұны компанияның резервтері арқылы қамтамасыз етуді жалғастырамыз.

Осыған қарамастан, уақытылы қабылданған шаралардың және біздің компанияның біріккен ұжымы арқасында бүгінде барлық кен орындар штаттық режимде қалыпты жұмыс істеп, өндіріс жоспары жоспарланған көрсеткіштерге сәйкес жүзеге асырылуда. Осы мүмкіндікті пайдаланып, мен бүгінде вахта ауысымы мерзімінің өзгеруіне және өндірісте қызметкерлердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптардың күшейтілуіне байланысты аса күрделі жағдайда жұмыс істеп жатқан ұжымымызға, әсіресе, өндірістік қызметкерлерге алғысымды білдіргім келеді.

**- Компанияда бүгінгі таңдағы эпидемиологиялық жағдай қандай?**

- 2-шілде күніндегі жағдай бойынша ПТР-тестілеу кезінде оң нәтиже «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 239 қызметкерінде анықталды. Соның ішінде, 156 қызметкері дерттен сауығып, 29-ы – стационарларда емделуде. Ал, 104 адам - үй карантинінде. Атап өту керек, вирус жұқтырғандардың басым көпшілігі жұмысқа кірісер алдында жұмысшыларға ПТР тест сынағын тапсыру кезінде анықталды.



Теңіз кен алаңында еңбек ететін жұмысшылардың жаппай ауруға шалдығуы салдарынан эпидемиологиялық жағдайы нашарлаған Жылыой ауданындағы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ кен алаңында індет белгілері көп тіркелінді. Компания өз жұмысшыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы кешенді сақтық шараларын жүзеге асыруды жалғастыруда. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің жаңартылған хаттамасына орай «Ембімұнайгаз» кен алаңдарына кіру алгоритміне енгізілген кезекті өзгерістерді біздің жұмысшылардың назарына ұсынғым келеді. Енді алгоритм компанияның өндірістік нысандарына кіріп-шығудың егжей-тегжейлі тәртібін, сондай-ақ, COVID-19 жұқтыру қаупі жоғары адамдар үшін оқшаулау кезегін қарастырады.

(Басы. Жалғасы 5 бетте.)



**Бастысы – өндіріс қажеттілігін қамтамасыз ету***(Жалғасы. Басы 4-бетте).*

Сондай-ақ, вахталық кезеңді ұзарту туралы шешімді түсіндіріп өтейін. Өздеріңізге мәлім, төтенше жағдай кезінде вахта мерзімі 56 күнге дейін ұзарды. ТЖ тоқтатылып, карантин кезінде 14 күндік вахта уақыты 28 күнге ұзарды. Бұл – өндіріс үдерісіне келетін қауіпті мейлінше азайту, мұнайшылардың денсаулығын сақтау мақсатында туындаған шешім. Осындай жұмыс кестесіне көшу 28 күн бойы кен алаңдарында тұрақты жұмысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Вахтатааралық кезеңнің ұзақтығы бүгінгі пандемия жалғасып жатқан кезеңде жұмысшыларымыздың денсаулықтарына көбірек көңіл бөлуге жағдай жасайды. Бұдан өзге, бүгінде вахта жұмысына кірісер алдында жұмысшылар ПТР-тест сынағын тапсырғаннан кейін 5 күн бойы оқшаулау орнында болады. 14 күндік вахта мерзімі сақталған жағдайда қызметкердің жұмыстан кейінгі қалыпқа келу кезеңі айтарлықтай азаяды.

**- Бүгінгі таңда әлемдегі ірі мұнай компаниялары өздерінің шығындарын айтарлықтай қысқартып отыр. Бұл, әсіресе, геологиялық барлау жобаларына қатысты. Мұнайлы Ембі өңірінің кен алаңдарының дені байырғы кеніштер екенін ескерсек, бұл мәселе компанияда қалай шешімін табады?**

- Шынымен, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» мекемесінің жүзеге асып жатқан дағдарысқа қарсы бағдарламасы аясында күрделі шығындар оңтайландырылды. Бұл жұмыстар геологиялық барлау жұмыстарының көлеміне де әсер етті. Сонымен бірге, біз Қаратон-Сарықамыс және Тайсойған барлау учаскелерінде табылған мұнай кен орындарының коммерциялық жарамдылығын бағалау, сондай-ақ, мұнай-газ ресурстық базасын ұлғайту мақсатында игеріліп жатқан кен орындарын одан әрі барлау жұмыстарын жалғастырып келеміз.



**- Бүгінгі таңда өндірістегі жағдай қалай?**

- Қазір алдымызда шешімін күткен бірнеше кешенді міндеттер тұр. Алдымен, газ факторының өсуіне байланысты жұмыс істеп тұрған ілеспе газды дайындау қондырғылардың қуаттылығын арттыруға байланысты мәселелерді шешу. Бүгінде осы мәселеге орай, сонымен қатар, Прорва кен алаңдарында ілеспе газды дайындау қондырғысының қызметін кеңейту мақсатында «ҚМГ-Инжиниринг» мекемесімен бір-

лескен жұмыс жүруде. Сонымен қатар, бүгінде ескірген мұнайды жинау және дайындау жүйесін жаңғырту мақсатында да институтпен бірлесіп ауқымды жұмысты қолға алудамыз.



Осы тұжырымдамалардың аясында мұнай жинау шағын пункттерін мұнайды дайындау мен айдаудың орталық пункттерімен жабуға мүмкіндік беретін жаңа технологиялық сызбалар жасалады және жабық жүйелер жасақталады. Бізде іс жүзінде түсініксіз технологиялық операцияны орындайтын және өте қауіпті өндірістік құрал болып табылатын көптеген пештер жұмыс істейді. Бұл құрал-жабдықтардың барлығына қызмет көрсетіп, жөндеу үшін көп уақыт қажет етеді. Осы жүйелердің тозуына байланысты бүгінгі күні өндірушілеріміз өндірістік қуатын функционалдық міндеттерін орындауға емес, жабдықты үнемі жөндеуге жұмсауға мәжбүр. Бұл шаралардың барлығы біздің мұнайшыларымызға өз күштерін жөндеу жұмыстарына жұмсамай, өздерінің тікелей міндеттерін орындауға мүмкіндік береді. Өйткені, біздің міндетіміз жөндеумен айналысу емес, олардың алдын алу немесе болдырмау. Сонымен қатар, моральдық және физикалық тұрғыдан тозған жабдықтарды жаңарту және оларды модернизациялау жоспары жаңартылатын болады.

**- Қанатбек Махмұдұлы, бүгінгі экономикалық жағдайға орай, кейбір мұнай-газ компаниялары қысқартуға мәжбүр болып жатыр. Бұл мәселе біздің компанияға қаншалықты қатысты?**

- «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы Алик Серікұлы Айдарбаев өзінің Атырау облысындағы сапары кезінде атап өткендей, компанияның ұстанған басты бағыты – өндіріс мамандарының жұмыс орындарын сақтау. Бүгінгі біздің өндірістегі жағдай бойынша талдау жұмыстары көрсеткендей, өндіріс мамандар тапшылығы мәселесі бар. Сондықтан, біздің алдымызда өндірістің әр кезеңінде мамандарды дұрыс бөлу, қажетті мамандар санын анықтау және оларды компания ішінде ауыстыру арқылы арқылы өндіріспен қамтамасыз ету үшін үдерістерді жетілдіру міндеті тұр.

## Главное – обеспечить нужды производства



Текущий год выдался тяжелым для нефтегазовой отрасли. К охватившей весь мир пандемии коронавирусной инфекции, от которой к сожалению, пострадали и наши работники, прибавилась еще одна глобальная проблема – существенно снизились це-

ны на нефть. Сегодня ситуация на мировых рынках лучше, чем пару месяцев назад, когда впервые стоимость нефти на короткое время ушла даже в минус, но нестабильная обстановка на рынках еще сохраняется. Какие задачи сегодня приходится решать руководству компании, продолжит ли Эмба проекты в геологоразведке и каким образом планируется улучшить процессы сбора и подготовки нефти, в интервью с заместителем председателя Правления по производству АО «Эмбаунайгаз» Касымгалиевым Канатбеком Махмудовичем.

**- Канатбек Махмудович, последние месяцы топ-менеджмент компании работает в режиме нон-стоп. Каким образом пандемия и последовавший кризис со снижением цены на нефть повлияли на экономическую ситуацию в компании?**

- Да, с сожалением приходится констатировать, что пандемия и снижение цен на нефть неблагоприятно отражаются на экономике компании. Сейчас цены на мировых рынках относительно стабилизировались, однако доходы компании снизились в связи с увеличением доли нефти, направляемой на внутренний рынок в рамках исполнения решения Правительства РК о поддержке внутреннего рынка нефтепродуктов. Если в прошлом году компания направляла на внутренний рынок 18%, то сейчас этот объем вырос почти до 42%, а стоимость сдачи нефти на внутреннем рынке значительно ниже экспортной цены. Разумеется, этот фактор существенно влияет на ухудшение экономики компании, которая сейчас поддерживается за счет накопленных ранее финансовых резервов. Значительно выросли также затраты компании в связи с необходимостью проведения организационных мероприятий по противодействию коронавирусной инфекции – на приобретение защитных средств, проведение санитарно-гигиенических мероприятий, организацию ПЦР-тестирования и других необходимых карантинных мероприятий, выплаты нефтяникам за сверхурочное время работы в связи с увеличением продолжительности периода вахты и многое другое. Помимо этих затрат, как социально-ответственная компания мы не можем проигнорировать просьбы о помощи со стороны област-

ного акимата Атырауской области и районных акиматов в связи с обострившейся эпидемиологической ситуацией в регионе. С начала пандемии, компания выделила на поддержку региона около 100 млн. тенге, на которые были закуплены бытовая техника, постельное белье, диспенсеры, гигиенические товары и продукты питания на оснащение карантинных стационаров в микрорайоне Береке г. Атырау.

В настоящий момент решается вопрос об оказании помощи Жылыойской районной больнице. Несмотря на неблагоприятное финансовое положение в компании, мы понимаем, что государству сейчас нужна наша поддержка и продолжаем ее оказывать благодаря резервам компании.

Благодаря своевременно предпринятым мерам и сплоченному коллективу нашей компании сегодня все месторождения работают в штатном режиме и производственный план реализуется согласно плановых показателей. Пользуясь случаем, хочу выразить признательность всему нашему коллективу и особенно производственному персоналу, который сегодня работает в условиях повышенного стресса из-за изменившихся условий перевахтовки и ужесточившихся требований к безопасности персонала на местах.

**- Какова сегодня эпидемиологическая ситуация в компании?**



- На 2 июля положительные результаты на коронавирусную инфекцию в ходе ПЦР-тестирования подтверждены у 239 работников АО «Эмбаунайгаз». Из которых 156 сотрудников уже выздоровели, 29 – получают лечение в стационарах и 104 – находятся на домашнем карантине. Нужно отметить, что большая часть инфицированных работников выявлена в ходе проведения ПЦР-тестирования, обязательного для доступа на рабочее место. Самый большой очаг заболеваемости зарегистрирован на месторождениях НГДУ «Жылыоймунайгаз» в Жылыойском районе, где сложилась неблагоприятная эпидемиологическая ситуация в результате массового инфицирования работников Тенгизского месторождения.

Компания продолжает реализацию комплексных мероприятий по обеспечению безопасности для наших сотрудников. Хотел бы обратить внимание всех на очередное изменение алгоритма доступа на месторождения «Эмбаунайгаз», которое вводится согласно обновленного протокола.

*(Начало. Продолжение на 7 стр.)*



## Главное— обеспечить нужды производства

(Продолжение. Начало на 6 стр.)

государственной санитарно-эпидемиологической службы. Теперь алгоритм предусматривает более детальный порядок въезда и выезда с производственных объектов компании, а также порядок изоляции для лиц, имевших повышенный риск заражения COVID-19.



Также, хотел бы отдельно остановиться на разъяснении решения об увеличении периода вахты. Как вам известно, продолжительность вахты в период чрезвычайного положения была увеличена до 56 дней, а после отмены ЧС в период карантина увеличена с привычных 14 дней до 28-ми. Это объясняется как необходимостью снижения рисков для производства, так и продиктовано заботой о здоровье нефтяников и их семей.

Переход на такой график работы позволяет обеспечить стабильную работу производства на месторождениях на протяжении 28 дней, а более длительный межвахтовый период дает возможность работникам уделить больше внимания здоровью, что особенно важно в период продолжающейся пандемии. Кроме того, сейчас для доступа на вахту, работник должен пройти 5-дневный карантин после сдачи ПЦР-теста, что в случае сохранения 14-дневной продолжительности вахты существенно сокращает период восстановления работника после работы.

**- Сегодня крупные нефтегазовые компании в мире значительно урезают затраты. Особенно это коснулось инвестиций в области геологоразведки. Продолжатся ли в нефтяной Эмбе реализация этого важного направления, учитывая, что компания разрабатывает преимущественно зрелые месторождения?**

- Действительно, в рамках реализуемой антикризисной программы АО «Национальная Компания «КазмунайГаз» были оптимизированы капитальные затраты. Оптимизация коснулась и объема геологоразведочных работ. При этом, мы продолжаем геологоразведочные работы по оценке коммерческой пригодности обнаруженных залежей нефти на разведочных участках Каратон-Саркамыс и Тайсойган, а также по доразведке разрабатываемых месторождений с целью прироста ресурсной базы нефти и газа

**- Как обстоит сегодня ситуация на производстве?**

- Сейчас перед нами стоит целый комплекс задач, требующих решения. Прежде всего – решение

вопросов по увеличению мощностей действующих установок по подготовке попутного газа в связи с увеличением газового фактора. Сейчас по этому вопросу ведется совместная работа с научно-исследовательским институтом ТОО «КМГ-Инжиниринг», в том числе обсуждается целесообразность расширения действующей установки подготовки попутного газа Прорвинской группы месторождений. Также, совместно с институтом рассматриваются различные концепции по усовершенствованию системы сбора и подготовки нефти, которая сейчас разрознена. В рамках данных концепций будут разработаны новые технологические схемы, позволяющие замкнуть мини-сборные пункты нефти с центральными пунктами подготовки и перекачки нефти и создать закрытые системы. Исторически так сложилось, что в этой части производственной цепочки, у нас много лишних сооружений, таких как - резервуары РВС, емкости, насосные перекачки на каждом сборном пункте, которые выполняют промежуточную роль. Соответственно, все эти объекты требуют финансовых и трудовых затрат на их содержание, проведение бесконечных капитальных ремонтов и периодическую замену. Также, в этой линейке, много печей, выполняющих непонятные технологические операции и относящиеся к категории опасного производственного оборудования. Ввиду изношенности вышеперечисленных систем, наши производственники сегодня вынуждены тратить свою производительную энергию не на выполнение своих функциональных обязанностей, а заниматься постоянным ремонтом оборудования.

Модернизация этих систем позволит нашим нефтяникам заниматься своими непосредственными обязанностями и профилактикой технологических сбоев, а не растрачивать свою энергию на выполнение бесконечных ремонтных работ. Дополнительно будет актуализирован план обновления морально и физически изношенного оборудования.

**- Канатбек Махмудович, в связи со сложившейся экономической ситуацией, некоторые нефтегазовые компании прибегают к сокращениям. Грозит ли нашей компании такая перспектива?**

- Как ранее отмечал председатель Правления АО «НК «КазмунайГаз» Алик Серикович Айдарбаев, в ходе визита в Атыраускую область, принципиальная позиция компании – сохранить рабочие места производственного персонала. Как показал анализ, на некоторых участках нашего производства имеется дефицит работников производственного персонала. Поэтому сейчас перед нами стоит задача усовершенствовать процессы так, чтобы правильно распределить специалистов на каждом этапе производственной цепочки, определить количество необходимых специалистов и обеспечить ими производство за счет внутреннего перемещения работников внутри компании.

## «Денсаулығымызды сақтаудың оңтайлы жолы»

**Әлем елдерін алаңдатқан пандемияның алдын алу, инфекцияны таратпау шараларын дереу қолға алған «Ембімұнайгаз» АҚ карантин режиміне орай өз жұмысын қайта құрды. Дәлірек айтсақ, компанияда құрылған жедел штаб барлық кен алаңдарындағы жағдайды жіті назарда ұстап, өндірісті тоқтатпау, жұмысшылардың денсаулығын сақтау, олардың әлеуметтік жағдайының нашарламауын да бақылауда ұстады. Ембі өңіріндегі короновирусқа қатысты қолға алынған сақтық шаралары туралы жұмысшылар өздері баяндайды.**

### Инфекциядан сақтанудың жолы

Бүгінгі таңда өзімізді инфекциядан сақтап қалу үшін 14 күндік вахтаны 28 күнге ұзарту – өте тиімді шешім. 14 күн вахта жұмысында біз өзімізді аталмыш дерттен тиісті деңгейде сақтай алмаймыз. Коронавирустың белгісі бұл мерзімде дұрыс байқалмайды да. Біз қазір жұмыстамыз, вахтадағы барлық жұмысшылардың денсаулығы үнемі медициналық бақылауда. Ең бастысы, өндіріс тоқтамасын. Бұл орайдағы вахтаның мерзімін ұзарту жолы да дер кезіндегі тиімді шешім деп ойлаймын.

Өзіміз еңбек ететін ұжымның жұмысшыларына деген ерекше қамқорлығын сезініп отырмыз.

**Құраш МАХУЛОВ,**  
**«Жайықмұнайгаз» МГӨБ №2 мұнай-газ**  
**өндіру цехының операторы.**

### Жұмысшылардың денсаулығына қауіпті азайту

Бәріміз жақсы өмір сүргіміз келеді. Бала-шағамыз жақсы білім алып, отбасымыз заманға сай тіршілік кешсе дейміз. Ал, жақсы өмір сүрудің бірден-бір кепілі - тұрақты жұмысымыз, жалақымыздың уақытылы берілуі. Міне, осы жағдайды сақтау үшін карантин кезінде компания басшылығы барынша өндірісті тоқтатпауды жоспарлады.

Өндіріс үдерісі тұрақты жүрсе, өнім көрсеткіші төмендемесе, ол – Ембідегі бес мыңнан астам адамның тұрақты табысының кепілі. Өндіріс тоқтамай, жоспар орындалса, демек, жұмыс орнымыз да сақталады. Өндірісті сақтау, сонымен қатар, вирустың алдын алу мақсатында компанияның жедел штабы вахта уақытын 56 күнге дейін ұзарту жөнінде шешім қабылдағанда, біз түсіністікпен қарадық. Бұл - біздің денсаулығымызды сақтау мақсатында дереу қолға алынған тиісті шешім. Осы мерзім ішінде өндірісте жүрген барша жұмысшының денсаулығын қадағалап отыруға да мүмкіндік болды. Ең бастысы, денсаулығымызға келер қауіп азайды.

**Айдын ШАБДИРОВ,**  
**«Жайықмұнайгаз» МГӨБ геологы.**

### Вахта мерзімінің ұзартылуы – тиімді жол

Бұл – уақытша қиындық екені даусыз. Қиындықтан шығатын төте жолды компания басшылығы үнемі ойластырып жатқанынан да хабардармыз. Қандай қиын жағдай орын алмасын, түпкі нәтижеміз – Ембінің бүгінгі жағдайын сақтап қалу. Өндіріс көрсеткіші төмендеп кетпесе екен. Бұл – Ембі өндірісінде еңбек етіп жатқан қаншама адамның күнкөрісі ғой.

Төтенше жағдайдың тоқтатылуымен бірге елдегі карантиндік режим де бүгінде тоқтатылды. Онымен бірге, вахта уақыты да өзгерді. Енді вахта 14 күннен 28 күнге ұзартылып отыр. Вахта мерзімі 14 күннен неге ұзартылды? Егер жұмысшының бойында дерттің белгілері болса, ол тек 14 күннің ішінде байқалатынын айтып, дәрігерлер барынша нақты дәйектермен дәлелдеп жатыр емес пе?! Демек, вахта мерзімін ұзарту - сіз бен біздің өмірімізді сақтаудың, инфекцияны таратпаудың бірден-бір жолы. Бүгінде компанияның жедел штабы бекіткен жұмыс жоспарына сай, вахта мерзімінің өзгеруіне түсіністікпен қарағанымыз жөн.

**Серік НҰРЖАНОВ,**  
**«Ембімұнайэнерго» басқармасының**  
**«Қайнар» АЭТ электромонтері.**

### Жағдайға байсалды қарайық

Шынымды айтсам, жұмысқа келгенде өзімді дерттен толық сақтанғандай сезінемін. Вахта жұмысы кезінде күн сайын бірнеше мәрте тексеріліп, тиісті сақтандыру шараларынан өтеміз. Бізді коронавирустан сақтау шараларының бірі ретінде вахта мерзімінің 28 күнге ұзартылғанын дұрыс шешім деп санаймын. Компания басшылығы тарапынан жасалып жатқан барлық сақтық шараларымен таныса отырып, қарапайым еңбек адамының денсаулығына деген қамқорлыққа риза боласың. Бізден талап етілетіні – алаңсыз өндіріс жұмысымен айналысу. Себебі, өндіріске зиян келмеуі керек. Ал, өндірістің тоқтамауы жұмысшылардың денсаулығының сақталуына байланысты. Ендеше, жағдайға байсалды қарайық.

**Марат ҚАЙЫРҒАЛИЕВ,**  
**«Ембімұнайэнерго» басқармасы «Доссор»**  
**АЭТ электромонтері.**

### Несиемізді төлеуге де жағдай жасалуда

«Жылыоймұнайгаз» басқармасында 30 жылдан астам уақыт еңбек етіп келемін. Осы уақыт ішінде өндірістегі талай қиындықтардың куәсі болдық. Оларды бірлескен тіршіліктің арқасында жеңе білдік те. Қазіргі қиындық уақытша десек те, ауыртпалығы өзгелерге қарағанда басымырақ. Себебі,

тұтас елдің басына түскен қиындық. Осы сәттерде «туған үйіміздей» болып кеткен ұжым қолұшын созып, жан-жақты көмегін көрсетіп жатса, қандай жақсы. Пандемия басталысымен компания тарапынан әркез қолдаудың куәсі болып келеміз.

(Жалғасы 9 бетте.)



(Жалғасы. Басы 8 бетте).

Біздің денсаулығымызды сақтау мақсатындағы сақтық шаралары өз алдына бір төбе. Міне, енді вахта мерзімі 14 күннен 28 күнге ұзартылды. Мен кезекті вахтааралық демалыстан кейін жұмысқа шығар кезімде, келесі вахтаның мерзімі ұзарып, біз қайтадан демалысқа қалдық. Бұл деген ай сайынғы төленетін несиеме кәдімгідей ауыртпалық салды. Шілде айындағы несиемді жабу үшін Компания басшылығына жалақымның есебінен аванс беруін айтып, өтініш жолдадым. Алты балам бар, жолдасым үйде - бала тәрбиесінде. Әзірге табыс тауып отырған өзім ғана. Жағдайымды түсінген басшылық мен сұраған 250 мың теңге көлемінде алдын ала төлем қаражатын берді. Бұл қаражат бір айлық несиемді жабуға жетеді. Амандық болса, тамыз айында жұмысқа шығамын ғой деп отырмын, жұмыста жүрсем ай сайынғы несиемді төлеуге қиындық болмайды.

Жұмысшысының әлеуметтік жағдайын да ескеріп, әрдайым қолдау көрсететін ұжым басшылығына алғысым шексіз. Үйде отырып қалғанда, күнделікті жұмыстың қадірін қатты сезінеді екенсің. «Қолда бардың қадірі...».

Жұмысымыз тұрақты болғай, ол үшін бүгінгі өндіріске зиян тигізбеу жолындағы қолға алынып жатқан әрбір қадам дұрыс. Ең бастысы, өндіріс тоқтамасын. Бұл орайдағы вахтаның мерзімін ұзарту жолы да дер кезіндегі тиімді шешім деп ойлаймын.

**Болатбек ШАУХАРОВ,**  
**«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Досмұхамбетов кен алаңының шебері.**

### **Пандемия жұмыс кестесін өзгертуде, біз бейімделуіміз керек**

Пандемия бәріміздің өмірге деген көзқарасымызды өзгертіп қанай қоймай, жұмыс кестесін де қайта құруға мәжбүр етуде. Өндіріс жұмысы – ауысымдық әдіспен жүретіндіктен, өзіндік қиындықтары мен бағыттары бар. Вахта жұмысы – бірнеше адамның бірлескен еңбегінің нәтижесі. Демек, вахтаға кіріскен бір жұмысшының денсаулығы бірнеше адамға әсер етеді. Осы орайда, біздің басқармада орын алған бір жәйтке тоқталғым келіп отыр.

Өздеріңіз білесіздер, ПТР тест сынағын тапсыру – вахта алдындағы баршамызға ортақ міндет. Бір жұмысшы вахта алдында ПТР тестік сынағын тапсырған, алайда, қорытындысы тиісті мерзімде шықпай (тест нәтижесі 3 күн ішінде шығады) вахта жұмысына кірісіп кетеді. 3 күннен кейін ПТР тест қорытындысы шығып, бұл жұмысшының дертке шалдыққаны анықталады. Ол өндірісте осы дерттің белгісімен 3 күн бойы жұмыс істеп үлгерді, айналасындағы қаншама адаммен тығыз байланыста болды. ПТР қорытындысынан кейін вахтаны толықтай ауыстыруға тура келді. Қаншама адамға уайым болды, реніш білдіріп жатқандар қаншама.

Иә, пандемияға қатысты жұмысымызды қайта құруға тура келді. Бұл – компания басшылығының ойдан шығарып жатқан шешімі емес, ол – мәжбүрліктен, өндірісті барынша тоқтатпай, жұмысшылардың денсаулығын сақтауға орай туындап отырған шешім. Бүгінде еліміздегі көптеген мекеме-ұйымдар осындай дереу шешімге баруда.

**Жауқазын МЕДЕТОВА,**  
**«Қайнармұнайгаз» МГӨБ есеп беру және жүргізу бөлімі бастығының орынбасары.**

### **Ембілік мұнайшылар талай қиындықты жеңген**

Мұнайшылар – қазақ халқының алғашқы «жұмысшы табы» деп жиі айтамыз. Біздің ата-әжелеріміз Ембі өндірісінде еңбек ете жүріп, бастан өткізген талай қиындықтарын ай-тып отырады. Байырғы мұнайшылар еңбек еткен кездерде ауыртпалығын тартқан кешегі Ұлы Отан соғысы кезіндегі қиындықтар, соғыстан кейінгі қиын-қыстау сәттерде өндіріске қауіп төнбеді дейсіздер ме?! Әрине, төнді.

Алайда, аға буынның уақытпен санаспай, күндіз-түні бел жазбай еңбек етулерінің нәтижесінде Ембі өндірісі сақталды, күні бүгінге жетті. Кеңестік Одақ тарап, экономика құлдырап жатқанда да Ембі күрделі кезеңдерден өтті. Мұнайдың бағасы тым төмендеп кеткенде, өндіріс тараудың алдында тұрды. Әрине, мұның барлығы – кешегі тарих. Біздің бүгінгі бастан кешіріп жатқан қиын-қыстау сәттер де ертең тарихқа енетіні анық.

Бүгінде тұрақты жұмыс жасауымыз, отбасымызды асырауға мүмкіндігіміздің болуы - бізге жасалған үлкен жағдай деп түсінгеніміз абзал. Кешегі аға буынның басынан өткен қиындықтарды біз көрген жоқпыз. Бүгінгі барша елге түскен ауыртпалыққа орай жағдайды барынша түзеу үшін компания басшылығы қолдан келгеннің бәрін жасап жатыр. Сіз бен бізден талап етілетіні - әр түрлі алып-қашпа сөздерге ермей, күнделікті жұмысты тоқтатпай, қызметімізді орындау. Өндіріс тоқтамаса, бұл - жұмыс орнымыздың сақталуы екенін дұрыс түсінейік.

**Лұқпан БИСАЛИЕВ,**  
**«Доссормұнайгаз» МГӨБ №2 Қарсақ мұнай-газ өндіру цехының бастығы.**

## Өндіріс үдерісі тұрақты

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның №4 Забурын мұнай-газ дайындау цехында қолға алынған тың жобалардың бүгінгі нәтижесіне тоқталсақ.

Жайықмұнайгаздық мұнайшылар ілеспе газды кәдеге жарату жөйін қолға алу арқылы, көгілдір отын мәселесіне орай туындаған мәселелерді тиімді шешуге қол жеткізіп отыр. Басқарманың С.Балғымбаев - Забурын кен орындары аралығында газ құбыры тартылды. Бұған дейін Забурын кен орнының мұнай қыздыру пештеріне, жылыту қазандарына өндірілген ілеспе газ жетіспей, табиғи газ сатып алып пайдаланылып келді. Басқармада газ дайындау қондырғысы іске қосылған соң, Забурын кен орнында дайындаған тауарлы газ пайдаланылуда. Сонымен қатар, осы дайындалған газбен Исатай, Забурын, Аққыстау ауылдары жұртшылығының көгілдір отынға деген сұраныстарын толық қамтамасыз етуге мүмкіндік орнады.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ бойынша қолға алынған жақсы жаңалықтың бірі – полимерлік су айдау әдісін кен қабатына қолдану. 2014 жылдың қазан айынан бастап Забурын кен алаңында 2 су айдау ұңғымасына полимерлік қоспа айдау жұмыстары басталды. Жобаның мақсаты – кен қабатына полимерлік қоспаны айдау арқылы судың тұтқырлығын арттыру, сол арқылы мұнай өнімін жоғары қабатқа ығыстыру нәтижесінде өнімділікке қол жеткізу. Өнім қабатына физико-химиялық әсер ету тәсілдерінің ішіндегі ең тиімділерінің бірі – полимерлік суландыру. Оның негізгі принципі қабатқа айдалып жатқан суды қоюландырып, қабаттағы мұнай мен судың тұтқырлығының қатынасын жөне сулану қарқынын азайтуға мүмкіндік береді. Жалпы жоғарыда айтылғандай Забурын кен орны бойынша өндірістік шығындарды азайту, өндіріске



жаңа озық технологияны енгізу, пайдаланылатын тоқ көзін азайту бағытында шаралар жасақталып орындалуда. Атап айтқанда, 2000 жылдан бастап басқармада алғашқы рет Забурын кен орнында штангалы терең сораппен жұмыс жасайтын мұнай өндіру ұңғыларын электрлі бұрандалы сораптарға ауыстыру қолға алынды. Алғашқыда өндірістік сынақ жұмыстары жүргізіліп кейіннен барлық мұнай өндіру қоры электрлі бұрандалы сораптарға ауыстырылды. Бүгінгі таңда, басқарма бойынша мұндай сораппен жұмыс жасайтын ұңғылар қорының 83% осы кен орнында орналасқан.

Сондай-ақ, қабат қысымын сақтау жүйесінің инфракұрылымдық тиімділігін арттыру бағдарламасымен 2019 жылы қабат қысымын сақтау жүйесіне кен қабатына су айдау ГНК 4000-500 сорабы орнатылды. Бұл сораптың бұрынғы сораптарға қарағанда айырмашылығы тоқ көзін үнемдеуге жол ашылып, сораптың жөндеуаралық уақыты ұзартылды.

Бүгінде забурындық «қара алтын» өндірушлер елде орын алған уақытша қиындыққа қарамастан өндіріс үдерісін бір қалыпты ұстап отыр.

## Еңбек қауіпсіздігі өзекті



Ембі кеніштерінде қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы жұмысшылардың өміріне қатер тудырмау шараларына баса назар аударылуда. Міне, осы ретте биылғы қаңтар айынан бастап Ембі кен алаңдарында өндірістік байланыс орнату мақсатында радиостансалар орнатылып, рация арқылы байланысты жүзеге асыру қолға алынуда.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ С.Нұржанов, Батыс Прорва, Ж.Досмұхамбетов, Ақтөбе кен орындарындағы мұнай дайындау және айдау цехы, арнаулы көлік және автотранспорт цехы, «Каспий самалы» вахталық қалашығы қауіпсіз байланыс орнату үшін жарылысқа қарсы тұра алатын рация -

мен қамтылып отыр. Қайнарлық, доссорлық мамандар рацияның бұл түрі ыңғайлы байланыс құралы болып табылатынын айтады.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-на қарасты С.Балғымбаев пен Оңтүстік Батыс Қамысты кен орындарында Hytera PD 505 радиостансасы орнатылған. Рация жеңіл, салмағы бар болғаны 260 гр, көлемі де шағын. Күнделікті жұмыста қолға ұстауға өте ыңғайлы. Оның қуаты 16 сағатқа дейін үздіксіз жұмыс істейді.

«Байланыстың бұл түрі өндірісте дереу байланыс орнатуға, жылдам шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Өндіріс алаңында байланыс жүйесінің болуы не болмауы (сеть) рация жұмысына әсер ете алмайды. Рация үнемі байланыста. Рацияның қамту ауқымы бүгінде 20 шақырым жерді құрайды. Байланыстың қамту аумағын кеңейтсек нұр үстіне нұр, - деген ұсыныстарын айтады доссорлық мамандар.

Жаңалықтың тиімділігін байқаған басқарма басшылары өндіріс алаңдарын рациямен қамту барысын одан әрі кеңейтуге ұсыныс беріп отыр. Алдағы уақытта бұл шара одан әрі жалғасатын болады.



## «Мұнайлы Кенбай – ырысым»

Мақат кентінің шығыс жағында 40 шақырымдай жерде Кенбай деген жер бар. Осыдан ширек ғасырға жуық уақыт бұрын үлкен мұнай қоры ашылып, кәрі Ембінің екінші тынысына айналды. Өмірлеріне мал бағуды ғана серік етіп, көшпенділердің күйін кешкен бабаларымыз ата кәсіптерін өзгертті, жер қазып, су тасыды. Сөйтіп, мұнай өндірісіндегі алғашқы қадамдарын бастап, мұнайшылық кәсіпті игерушілер атанды.

Аталған кеніштің іске қосылуына зор үлес қосып, ашылу салтанатына Елбасы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы келіп қатысуы мұнайшылардың мәртебесін биіктетіп, жігер-қайрат берді. Елбасының туған күні қарсаңында жарық көріп отырған газетіміздің бүгінгі номерінде биыл 25 жылдығын атап өтіп отырған «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай кен алаңының ашылу тарихына тоқталмақпыз (*деректер А.Қатешованың «Мұнайлы Кенбай – ырысым» деген кітабынан алынды*).

«...Бұл шараның экономикалық та, экологиялық та, техникалық та пайдасы зор болды. Еңбек шежіресі бертін келе басталса да, бұл кен орнының болашағына үлкен сенім білдірілді.

14 айдың ішінде қайнарлықтар алғашқы ұңғыларды бұрғылап, тербелмелер мен насостар қондырды. 24 шақырымға алғашқы құбыр жүргізді. 1996 жылдың 28 мамыры күні кенбайлықтар есінде мәңгі сақталатын күн болды – бірінші мұнай бұрқағы атқылады.

Мұнайшылар қуанышын айтып жеткізу мүмкін емес. «Көп бейнеттің бір зейнеті болады» дегені рас-ау, сірә?!

Осы жылдың 10 маусымы күні мұнайшылар үшін тағы бір айтулы күн болды. Кенбай кен орнына Елбасы Н.Ә.Назарбаев әдейілеп келіп, ат



басын тіреді.

Алаңға қонған тікұшақтан түскен Н.Назарбаев, ҚР Мұнай және газ министрі Н.Балғымбаев пен оның қасындағы адамдарды «Ембімұнайгаз» АҚ президенті М.Батырбаев бастаған бір топ мамандар қарсы алды. Кенішті өнеркәсіптік тұрғыдан игерудің ресми басталуын Қоғам президенті М.Батырбаев ашып, бұл табыс – барлаушылар мен мұнайшылардың көп жылдық еңбектерінің жемісі, жергілікті жердің, соның ішінде, Қызылқоға ауданының ырысы, Атырау облысы еңбекшілерінің қуанышы мен үміті екендігін атап өтті.

Н.Назарбаев алқызыл лентаны кесіп, резервуардың жылжымасын ашты. Сөйтіп, Кенбай мұнайы №3 мұнай айдайтын стансаның құбырына құйылды. Дәл осы сәттен бастап Кенбай кеніші жас егемен мемлекетіміздің экономикасына өз үлесін қосып, жұмыс істей бастады. Осынау айтулы оқиға құрметіне кеніштің жұмысшылары президенттік рәміз ретінде Кенбай мұнайының алғашқы ұңғысынан толтырылған мұнайы бар шыны ыдысты тарту етті. Өз кезегінде Елбасы жаңа басқарманың басшысы Қ. Қуанышевқа кеніштің символикалық кілтін табыстады».

## Құрметті ағайын!

Мынау қиын-қыстау жағдайда іргесі қаланғанына бір жыл да толмаған «Қайнармұнайгаз» МГӨБ табысқа жетіп, мұнай алып, сіздерді, барлық қазақстандықтарды қуанышқа бөлеп жатқандығына құтты болсын айтуға әдейі сіздердің ортаңызға келіп тұрмын.

Мұнайшылардың жұмысы оңай емес, мынадай ен далада күн демей, түн демей 1 жыл ішінде қыруар қаржы игеріп, ел қорына тағы бір жаңа кен орнын іске қосып отырғандықтарыңыз – жалпы Қазақстан халқы үшін өте қуанышты жағдай.

Еліміз тәуелсіз мемлекет болып, егеменді ел атанып, көк байрағымызды дүниежүзінің шаңырақтарында желбіретіп жатқан кезде, әрбір аз табыс болсын, көп табыс болсын, біз үшін үлкен жетістік болып саналады. Сондықтан, ашылған әрбір жаңа өндіріс орнын мен ыстық ықыласпен қабылдаймын.

Бүгінгі жаңалықты үлкен істің басы деп санайық. Себебі, Каспий өңірінің, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе басқа да облыстардың кен беретін, май шығаратын орындары баршылық. Бұл байлықты жер астынан игеріп, өзіміз үшін келешек ұрпақ үшін пайдалануға тиіспіз.

Шетел инвесторлары Қазақстанға сеніп, оның саяси тұрақтылығына, ұлтаралық келісімге, жүріп жатқан реформалардың дұрыстығына көз жеткізіп, өз инвестицияларын салып жатыр. Сол инвестицияны пайдаланып, біз елдің күш-қуатын арттыруымыз керек.

Еліміздің әр түрлі саласында химия өндірісінде, ауыл шаруашылығында, басқа да салаларда көптеген жаңалықтар болып жатыр. Еліміз ең бір қиын кезеңді аяқтап, тағы бір табалдырыққа көтерілді, инфляция жөнделіп, теңгеміз нығайтылды. Бұл табыс оңайлықпен келген жоқ. Бұл – осы тұрған барлықтарыңыздың ерен еңбектеріңіздің жемісі, бір жыл ішіндегі тынымсыз істеріңіздің нәтижесі.

Сіздерді, барша қазақстандықтарды бүгінгі күнмен қызу құттықтаймын. Әр уақытта жақсылық болсын. Бұл заман – еңбек еткен адамның еңбегі жанатын заман. Мемлекетіміз дүниежүзінен өзіндік орнын алып, дәрежесі биіктеп, тәуелсіздігіміз нығая берсін.

**(ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Кенбай кен орнының ашылу салтанатында сөйлеген сөзінен. 1996 жыл).**

**ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БАЛАЛАРЫ!**

Каникул кезінде уақыттарыңызды көңілді және тиімді өткізу үшін «Менің бақытты балалық шағым» атты дәстүрлі шығармашылық байқауды жариялаймыз. Биыл байқау онлайн форматында өтеді. Өздеріңіздің шығармашылық жұмыстарыңызда бүгінгі күнгі өмірлеріңіз, мұнайлы Ембіде қызмет ететін ата-аналарыңыз, 1941-1945 жылдары болған Ұлы Отан соғысында жеткен жеңіске отбасыларыңыздағы аға буын өкілдерінің қосқан үлесі туралы баяндай аласыздар.

**Байқау 3 номинация бойынша өтеді:**

- «Менің әкем/анам – Ембі мұнайшысы» номинациясында ата-аналарының қызметі, күнделікті жұмысы туралы ойларын көрсетулеріңіз керек.
- «Батырлар ерлігі – мәңгі есімізде» номинациясында Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай өздерінің соғысқа қатысқан немесе тылда еңбек еткен ата-әжелеріңіздің ерліктері туралы баяндай аласыздар.
- «Карантин бізге не үйретті?» номинациясында карантин басталған кезеңнен бастап үйренген істеріңіз, бос уақыттарыңызды ата-аналарыңызбен бірге қалай өткізіп жатқаныңыз туралы жан-жақты баяндауларыңыз керек.

**Байқаудың шарттары:**

Байқауға 5 мен 15 жас аралығындағы балалар қатыса алады. Байқауға ұсынылған шығармашылық жұмыстар қазақ және орыс тілдерінде, әртүрлі жанрда – мақала, репортаж, фоторепортаж, сурет, бейнеролик (телефонға түсіруге болады) түрінде қабылданады. Балалар өздерінің шығармашылық жұмыстарына өмірбаянын (бала туралы қысқаша деректер: нешінші сыныпта оқиды, мекен-жайы, сабақтан тыс айналысатын қызығушылығы, баланың барлық марапаттары т.б.) қоса жолдаулары тиіс. Сонымен қатар, баланың аты-жөні, «Ембімұнайгаз» АҚ-да қызмет ететін ата-анасының аты-жөні жұмыс орны, лауазымы анық көрсетілуі қажет. Байқау жұмыстары 2020 жылдың 26 мамыр – 3 тамыз күндері аралығында қабылданады. Жеңімпаздарды марапаттау шарасы тамыз айына жоспарланып отыр.

**Әр номинация бойынша жұмыстар жас ерекшеліктеріне қарай үш топпен бағаланады:**

- 5-9 жас аралығындағы «Үздік жұмыс»;
- 10-12 жас аралығындағы «Үздік жұмыс»;
- 13-15 жас аралығындағы «Үздік жұмыс»;

Шығармашылық жұмыстарды [G.Karajanova@emg.kmgep.kz](mailto:G.Karajanova@emg.kmgep.kz), [A.Ertleuova@emg.kmgep.kz](mailto:A.Ertleuova@emg.kmgep.kz) электронды пошталарына немесе +77014472137 WhatsApp нөміріне жолдай аласыздар. Байқауға түскен үздік шығармашылық жұмыстар «Ембімұнайгаз» АҚ-ның электронды корпоративтік «Ембі тынысы» газетінде, Компанияның сайтында - [www.emba.kz](http://www.emba.kz) және әлеуметтік желілеріндегі (Facebook, Instagram, You tube) ресми парақшаларына орналастырылады.

**ДОРОГИЕ ДЕТИ СОТРУДНИКОВ АО «ЭМБАМУНАИГАЗ»!**

Чтобы время на каникулах прошло весело и плодотворно, мы объявляем наш традиционный творческий конкурс «Мое счастливое детство!».

В этом году, конкурс будет проводиться в онлайн-формате, а в своих творческих работах мы предлагаем рассказать о вашей жизни сегодня, о родителях -работниках нефтяной Эмбы и вкладе старшего героического поколения ваших семей в победу в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.

**Работы на конкурс будут приниматься по 3 номинациям на ваш выбор:**

- В номинации «Мой/я отец/мать –работник Эмбы» вы можете поделиться с нами видением о работе ваших родителей.
- В номинации «Вечная память – героям войны» мы ждем от вас творческие работы о подвигах на фронте и в тылу ваших прабабушек и прадедушек.
- В номинации «Чему меня научил карантин?» поделитесь с нами, какие новые знания и навыки мы приобрели с начала объявления карантина, как вы проводите досуг дома, и какие совместные занятия с родителями вам нравятся больше всего.

**Условия конкурса:**

Для участия в конкурсе приглашаются дети в возрасте от 5 до 15 лет. Творческие работы, представленные на конкурс, принимаются на русском и казахском языках в любом жанре -тексты, видео и фоторепортажи, рисунки, видеоролики (допускаются съемки на мобильные телефоны). Конкурсные работы принимаются с 26 мая по 3 августа 2020 г. Их следует направить на электронные адреса: [G.Karajanova@emg.kmgep.kz](mailto:G.Karajanova@emg.kmgep.kz), [A.Ertleuova@emg.kmgep.kz](mailto:A.Ertleuova@emg.kmgep.kz), либо по номеру WhatsApp: +77014472137. Все работы необходимо сопроводить информацией о себе – полностью указать фамилию имя и отчество, домашний адрес, контактные данные, номер школы и класса, место работы и должность родителей – сотрудников АО «Эмбамунайгаз». Объявление итогов конкурса и награждение победителей запланированы на август месяца.

**Работы по каждой номинации будут оцениваться в трех возрастных категориях:**

- «Лучшая работа» в возрасте от 5 до 9 лет;
- «Лучшая работа» от 10 до 12 лет;
- «Лучшая работа» от 13 до 15 лет;
- Все творческие работы будут опубликованы в корпоративной газете «Ембі тынысы», размещены на корпоративном сайте – [www.emba.kz](http://www.emba.kz) и официальных страницах Компании в социальных сетях (Facebook, Instagram, You tube).



**Еліміздің мақтанышы**

Алда келе жатқан 6 шілде – Елорда күнімен ембіліктерді және барша Қазақстан халқын құттықтаймын! Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы Нұр-Сұлтан – бұл қазақтың мерейі, мәртебесі, ел мақтанышы, жаңа қала, жаңа шаһар. Жас Елорданың мерекесі әрбір қазақстандықтың жүрегіне қуаныш ұялатып, ертеңге деген сенімді шыңдай түсуде. Оның келешекте бүгінгіден де құлпырып, көркейе беретіндігіне сенемін. Сондықтан да, Қазақстанның жүрегі мәңгі соғып, бас қаласы одан әрі гүлдене берсін! Нұр-Сұлтан қаласының туған күні құтты болсын!

**Жауқазын МЕДЕТОВА,**

**«Қайнармұнайгаз» МГӨБ есеп беру және жүргізу бөлімі бастығының орынбасары.**

**Жаһандық жаңашылдыққа жетелейді**

Қарыштап дамыған жаңа Нұр-Сұлтан қаласының бүгінгі келбетіне сүйсінбейтін жан жоқ. Бүгінгі астанамыз жүрекке қуаныш ұялатып, ертеңге деген сенімді шыңдай түседі. Нұр-Сұлтан қаласына әр барған сайын қанаттанып, марқайып қайтамыз. Өйткені, Еуразия төсіндегі бұл шаһар бүгінде еліміздің мақтанышына ғана емес, әлем назарындағы қалалардың біріне айналды.

Барша қазақстандық мұнайшыларды, ембілік мұнайшы әріптестерімді Нұр-Сұлтан қаласының күнімен құттықтаймын! Еліміз өсіп, өркендей берсін!

**Фарзана МУТИШЕВА,**

**«Жайықмұнайгаз» МГӨБ химиялық талдау лаборанты.**

**Мүмкіндіктерге жол ашатын шаһар**

1994 жылдың 6 шілдесінде ҚР Жоғарғы Кеңесі Бас қаланы Алматыдан Сарыарқа төріне көшіру туралы маңызды шешімді қабылдаған болатын. Парламент сессиясында депутаттар алдында сөз сөйлеген Елбасы Н.Назарбаев бұл мәселенің қисындылығын атап өтіп, депутаттар арасында өткен тартысты пікірталастың нәтижесінде Жоғарғы Кеңес бұл ұсынысқа келісім беру жөнінде сындарлы шешім шығарды. Егемен еліміз тарихындағы айтулы оқиға осылай жүзеге асырылды. Ал, араға екі жыл салып 1996 жылдың 6 шілдесінде ел Үкіметі тарихи қаулы қабылдап, бір жылдан кейін Мемлекет басшысының Жарлығы жарық көрді.

Біз Нұр-Сұлтан қаласының қалыптасуының көзбен көру бақытына ие болудамыз. Қаланың әлем халықтарына мақтана көрсетер жетістіктері аз емес. Елорда – болашағы жарқын қала. Сондықтан да, Қазақстанның жүрегі мәңгі соғып, бас қаласы одан әрі гүлдене берсін! Біз, мұнайшы жастар мемлекет саясатын қолдап, ел болашағына аянбай еңбек етеміз деп сендіремін! Мереке құтты болсын!

**Бағдат ТҰРҒАНБАЕВ,**

**«Доссормұнайгаз» МГӨБ өндірістік құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау учаскесінің шебері.**

**А Н Ы Қ Т А М А :**

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е. Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, **[blog\\_emg@emg.kmger.kz](mailto:blog_emg@emg.kmger.kz)** электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

**Меншік иесі:** «Ембімұнайгаз» АҚ

**Шығарушы:** қоғаммен байланыс қызметі

**Бас редактор:** А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады (электронды форматта).

**Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Л.Сүлейменова - [L.Suleimenova@emg.kmger.kz](mailto:L.Suleimenova@emg.kmger.kz)

Ғ.Қаражанова – [G.Karajanova@emg.kmger.kz](mailto:G.Karajanova@emg.kmger.kz)

А.Ертлеуова – [A.Ertleuova@emg.kmger.kz](mailto:A.Ertleuova@emg.kmger.kz)

А.Хаменова – [A.Khamenova@emg.kmger.kz](mailto:A.Khamenova@emg.kmger.kz)

**Редакциялық кеңес:**

**С.Нақпаев** – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;  
**Г.Шарафетдинова** – қызметкрелерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

**Ә.Каримов** – келешекті дамыту департаментінің директоры;

**Л.Сүлейменова** – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.